

Kazakh transcript:

Бір-біріне елдер беттеріне қарап күліп, не болмаса, бір жақсы сөз айтып өтуі де мүмкін. Бұл өте жақсы әдет деп ойлаймын – бір біріне күліп ашық қараған. Содан кейін айырмашылықтың бірі – біз жақта адамдар киімге көп назар бөледі. Бір жерге шыққанда таза, әдемі, бір-біріне келісетін киім киіп шыққанға тырысады. Қалай болса далаға шығып кету, үйде жүрген тәпішкемен болсын, не болмаса, спорттық киімдермен... мәдениетсіз деп саналады. Сол үшін адамдар сәйкес жерге сәйкес киімді киіп келеді. Ал мұнда адамдар, осы қалада, мысалы, киінгенде, «Маған қалай өзіме ыңғайлы, солай мен киінемін» деген оймен киінетін сияқылды. Жарасып тұрма ол киім, жараспайма, келісіп тұрма бұл орынға, келісіп тұрған жоқпа, оған көп назар бөлмейді. «Тек ғана қалай өзіме ыңғайлы, солай мен жүре беремін. Басқалардың пікірі маған қажет емес», дегендей киінеді. Сол маған өте қызық болып көрінді. Тағам жағы... ол да мәдениетке жатады. Осында адамдардың тағам жағын қарасақ елдер көп көже ішпейді. Бізде ыстық тамаққа көп назар бөледі. Сорпасы бар тамақты, көжені көбірек ішеді, және «екінші блюдо» деп айтамыз, оны да жейді. Екінші – ол, мысалы, күріш. Күріштің қасына ет және көкөніс. Мұнда көбінесе екінші тамақты жейді, не болмаса әшейін бір гамбургер, не болмаса, хот дог. Сондай нәрсені жей салады (саб дейді) кофе мен, не болмаса, басқа сусындар мен ішеді. Содан кейін қазақтар кофені көп ішпейді. Біз жақсы көретініміз – шай, және басқа сусындар. Бірақ кофені біз соншама көп ішпейміз. Өте көп айырмашылықтар табуға болады. АҚШ-та ең нақтысы және маған өте ұнаған бір жері – ол табиғатты силау, табиғатты қорғау, табиғатты сақтау. «Неге?» десеңіз, ауасы таза, жан-жақтағы тоғайларды ешкім шауып алмайды. Әр тоғайға назар аударады. Жан-жақтағы құс-хайуандарға осы жақта өте үлкен назар беріледі деп ойлаймын. Осы жері маған өте ұнады. «Неге?», десеңіз, біз бұл табиғатты ертең біздің артымыздан келе жатқан балаларымызға қалтырамыз. Сол үшін бізге осы жерді АҚШ-тан үйреніп, табиғатымызды сақтап, барымзды жоғалтпай, өзіміздің балаларымызға, шөберелерімізге дұрыстап беруге тырысуымыз керек.

Жоғары білімі, менің ойымша, әрбір жерде де өте маңызды нәрсе. Жоғары білім алу онай нәрсе емес. Әсіресе қызырғы заманда. Ол ақша жағынан да онай нәрсе емес. Баланы оқытып, дұрыс білімін беру де өте үлкен бір шаруа деп ойлаймын. Ал жоғары білім Қазақстанда өте керек нәрсе. «Неге?» десеңіз, ертең сіз жоғары біліммен жақсы жұмыс табасыз. Жақсы жұмыс тапқаннан кейін сіз өзіңіздің жанұяңызды асырап, балаларыңызға ертең дұрыс жол бересіз, дұрыс білім бересіз, дұрыс болашақ бересіз. Сол орындалса, жақсы мамандық алады. Сол үшін бізде әрбір адам, әрбір жас адам, жоғар білім алуын мақсат қояды.

English translation:

People here can look at each other with a smile or just say something nice. I think this is a good custom to smile and look friendly at each other. Another difference is that our people pay too much attention to clothes. When people go out they try to put clean, beautiful clothes and usually try to wear clothes that match. Therefore, people wear appropriate clothes on appropriate occasions. And in this town, for example, it looks like people are wearing clothes thinking, "I'm wearing what is comfortable for me". They don't pay a lot of attention whether the clothes suit well or not, whether they are appropriate for the occasion or not. They are wearing them like "It's comfortable for me and nobody cares! Other people's opinion is not important to me". It's very strange for me. As for the food... it also reflects culture. If we look at dishes from this point of view, we will see that soups are eaten less here. We pay a lot of attention to hot dishes. People in my country eat more soups, and they also have the second courses. For example, rice can be served as a second course. Rice comes with meat and vegetables. Here people eat more second course dishes or just hamburgers and hot dogs. So, they have such things with coffee or with other drinks. Another thing is that Kazakhs don't drink a lot of coffee. We like tea and other drinks. But we do not have much coffee. You can find a lot of differences. What I like the most in the USA is respect for nature, environmentalism. The air is clean and nobody cuts down trees. Almost every tree is preserved. I think a lot of attention is paid to birds and animals here. I like that. We will leave this nature for the next generation tomorrow. Therefore, we should assimilate the experience of the USA. We should protect nature. We shouldn't lose what we have and keep nature in good condition for our children and grandchildren.

I think higher education is very important everywhere. Getting higher education is not a simple thing, especially nowadays... It is not easy from the financial side either. I think it's not easy to give children good education. Higher education is a necessity in Kazakhstan. With good education you will find a good job tomorrow. After you find a good job you will be able to support your family. You will be able to direct your children to the right path tomorrow. You will be able to give them proper education and a good future. That is why higher education is very important for us. People with good higher education will become qualified professionals and will find good jobs. That is why a lot of people, every young person in Kazakhstan pursues a goal of getting higher education.

About CultureTalk: CultureTalk is produced by the Five College Center for the Study of World Languages and housed on the LangMedia Website. The project provides students of language and culture with samples of people talking about their lives in the languages they use everyday. The participants in CultureTalk interviews and discussions are of many different ages and walks of life. They are free to express themselves as they wish. The ideas and opinions presented here are those of the participants. Inclusion in CultureTalk does not represent endorsement of these ideas or opinions by the Five College Center for the Study of World Languages, Five Colleges, Incorporated, or any of its member institutions: Amherst College, Hampshire College, Mount Holyoke College, Smith College and the University of Massachusetts at Amherst.